

Салық төлеуші-жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған квитанцияның және салық заңнамасында көзделген жағдайларда қолма-қол ақша қабылдау үшін қатаң есептілік бланкінің нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 71 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 ақпанда № 16382 болып тіркелді

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 21-бабының 2-тармағына, 552-бабының 3-тармағына және 623-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған нысандар:

1) салық төлеуші-жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған квитанция осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) салық заңнамасында көзделген жағдайларда қолма-қол ақша қабылдау үшін қатаң есептілік бланкісі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 98 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10480 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 2 сәуірде жарияланған);

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 98 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 250 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13822 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)-тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 26 қаңтардағы
№ 71 бұйрығына 1-қосымша
нысан

Салық төлеуші-жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған квитанция

Н ы с а н	Ж Т	-	№	1
Ф о р м а	Ф Л	-	№	1
КВИТАНЦИЯ Сериясы				
□□□□□				
№				
□□□□□□				
К В И Т А Н Ц И Я				С е р и я
Салық төлеушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____				
Ф.И.О. (при его наличии) _____ налогоплательщика				
ЖСН (ИИН)				
□□□□□□□□□□□□□□				
Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі				
□□□□□□□□□□□□□□□□				
Идентификационный номер транспортного средства				
Тұрғылықты мекенжайы, телефоны _____				
Адрес места жительства, телефон _____				

Салықтың атауы Наименование налога	Салық коды Код налога	Ағымдағы жылға сомасы ТТК (төлемді тағайындау коды) 9 1 1 Сумма налога за текущий год КНП (код назначения платежа) 991	Өткен жылдардың бересісі ТТК (төлемді тағайындау коды) 9 9 4 Недоимка прошлых лет КНП (код назначения платежа) 994	Өсімпұлдар ТТК (төлемді тағайындау коды) 992 Пени КНП (код назначения платежа) 992	Ж и ы н ы Итого
1	2	3	4	5	6
Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық Налог на имущество с физических лиц	104102				
Елді мекендер жерлеріне жер салығы Земельный налог на земли населенных пунктов	104302				
Елді мекендердің жерлеріне жер салығын қоспағанда, жер салығы Земельный налог, за исключением земельного налога на земли населенных пунктов	104309				
Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық Налог на транспортные средства с физических лиц	104402				
Б а р л ы ғ ы Всего					
Соманы жазумен, бас әріппен, бос қалған жол бойынша – сызықша. Указать сумму прописью, с заглавной буквы, по свободному остатку поля – прочерк. _____					
_____ тенге _____ тийн					
Салық жинауды жүзеге асырған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда): _____					
Ф.И.О. (при его наличии) должностного лица, осуществившего сбор налогов Берген күні: күні					
□□					
ай					
□□					
20					
□□					

ж ы л

Дата выдачи: день

□□

месяц

□□

20

□□

год

М . О . М . П . (салық төлеушінің қолы – подпись налогоплательщика)	Т ө л е д і м У п л а т и л	<table border="1"><tr><td> </td></tr><tr><td> </td></tr></table>		
А л д ы м П о л у ч и л (лауазымды тұлғаның қолы – подпись должностного лица)		<table border="1"><tr><td> </td></tr><tr><td> </td></tr></table>		

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 26 қаңтардағы
№ 71 бұйрығына 2-қосымша
нысан

Салық заңнамасында көзделген жағдайларда, қолма-қол ақша қабылдау үшін қатаң есептілік бланкі

Квитанцияның Төлеушінің атауы (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))	түбіртегі	Сериясы	№

Төлеушінің ЖСН (БСН) □□□□□□□□□□□□□□□□			
Төлемнің мақсаты: _____			
Төлем сомасы _____			
(санмен және жазбаша түрде)			
Квитанцияны берген уәкілетті мемлекеттік органның атауы: _____			

Берілген күні: 20__ж."__"_____			
Квитанцияны берген лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), М.О. қолы: _____			
Төлеушінің қолы _____			

К в и т а н ц и я	С е р и я с ы	№
Төлеушінің атауы (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)) _____		

Төлеушінің ЖСН (БСН)

□□□□□□□□□□□□□□□□

Төлем сомасы _____

(санмен және жазбаша түрде) Квитанцияны берген уәкілетті мемлекеттік органның атауы:

Берілген

күні:

20__ж."__"

Квитанцияны берген лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда),
М.О. қолы: _____

Төлеушінің қолы _____